

«Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің төрағасының 2022 жылғы 05 желтоқсандағы № 486 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» және Маңғыстау облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2026 жылдың ақпан айында Маңғыстау облысының білім мекемелерін мемлекеттік аттестаттаудан өткізудің 2026 жылға арналған кестесіне сәйкес

БҰЙЫРАМЫН:

А.А. Джалбыровна есепші – комиссия мүшесі;

З.И.Эбиева

**«Данышпан балақай» жекеменшік балабақшасының өзін-өзі бағалау жүргізу
жөніндегі педагогикалық кеңесінің
ХАТТАМАСЫ**

10.02.2026ж

Жаңаөзен қаласы

Қатысқандар: 9 педагог


Күн тәртібінде

1. Балабақшаның өзін-өзі бағалау комиссиясының қорытындысы туралы
Тыңдалды: Өзін-өзі бағалау комиссиясының төрағасы у.м.а З.И.Эбиева, өзін өзі бағалау комиссиясы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі төрағасының Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің 2022 жылғы 05 желтоқсандағы № 486 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» және 27.12.2022 ж «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарын бекіту туралы» 1 қосымшасына сәйкес 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдары бойынша құжаттарды талдады. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің 27.12.2022 ж «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарын бекіту туралы» №12 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарының өзін өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдардың» 12 қосымшасына сәйкес 2,3,4,5 қосымшаларына сәйкес мәліметтер толтырылды. Өзін өзі бағалау қорытындысы шығарылды. Өзін-өзі бағалау комиссиясының төрағасы у.м.а З.И.Эбиева Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің төрағасының 2022 жылғы 05 желтоқсандағы № 486 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» 1 қосымшасына сәйкес 39 «Жақсы» деп бағаланды. Өзін өзі бағалау құжаттары балабақшаның ресми сайтына орналастырылды.

ШЕШІМ:

1. Өзін өзі бағалау өлшемшарттарына сәйкес балабақша 39 «Жақсы» деп бағалансын.
2. Өзін өзі бағалау қорытындысы Маңғыстау облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментіне уақытылы жеткізілсін.

У.м.а кеңес төрайымы



З.И.Эбиева

**«Данышпан балақай» жекеменшік балабақшасының
Өзін-өзі бағалау жүргізу жөніндегі педагогикалық кеңесінің
ХАТТАМАСЫ**

12.03.2026 ж

Жаңаөзен қаласы

Қатысқандар: 10 педагог

Күн тәртібінде:

1. Балабақшаның кезекті мемлекеттік аттестаттаудан өткізілуі туралы.
2. Балабақшаның өзін-өзі бағалау комиссиясының міндеттерін бөлу туралы.

Тыңдалды:

Өзін-өзі бағалау комиссиясының төрағасы у.м.а З.И.Эбиева

Кеңестің 1 мәселесі бойынша 2026 жылдың ақпан айында балабақшаны мемлекеттік аттестаттаудан өткелі жатқанын мәлімдеді. Мемлекеттік аттестаттау 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдары бойынша жүргізілетінін айтты. Осыған байланысты балабақшаның өзін-өзі бағалау комиссиясы құрылғанын мәлімдеді. Педагогтерге оқу-тәрбие жұмыстарының перспективалық жоспарлары мен циклограммаларын, тәрбиеленушілердің біліктері мен дағдыларының даму деңгейлерін бақылау мониторингілерін жинақтау керек екенін тапсырды.

Кеңестің 2 мәселесі бойынша өзін-өзі бағалау комиссиясы мүшелерінің міндеттерін бөлу туралы мәлімдеді:

Комиссия мүшелеріне өзін-өзі бағаланатын кезеңге байланысты төмендегі міндеттер жүктеді:

Комиссия мүшесі – әдіскер М.А.Туякова:

Тәрбие және оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына өлшемшарттар:

1) оқу жұмыс жоспарлары мен ұйымдастырылған қызметтің Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының (бұдан әрі – ҰОЖ) талаптарына сәйкестігін қадағалау;

2) білім беру қызметін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі – МДТО үлгілік оқу бағдарламасы) және білім беру бағдарламаларына (вариативті, жеке, бейімделген, қосымша) сәйкес іске асыру;

3) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29329 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын (бұдан әрі -Үлгілік қағидалар) сақтау;

4) баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды жастағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелерінің болуы;

5) тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы) болуы және нәтижелерін талдау;

6) үлгілік оқу бағдарламасына қосымшаға сәйкес балалардың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингілеу нәтижелерінің (қорытынды) болуы және талдау;

Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттар:

1) МДТО ҮОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы.

11. Тәрбие мен оқыту мерзіміне қойылатын талаптар:

1) балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақтау;

2) тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтау.

Комиссия мүшесі – әдіскер М.А.Туякова:

- оқу-тәрбие жұмыстарының перспективалық жоспарлары мен циклограммаларын PDF форматта сканерлеу;

- тәрбиеленушілердің біліктері мен дағдыларының даму деңгейлерін бақылау мониторингілері мен даму карталарын PDF форматта сканерлеу;

- оқу іс-әрекетінің кестесін, күн режимі, бекітілген өтпелі тақырыптар мен жылдық жоспарларды PDF форматта сканерлеу;

- педагогтердің жоғары немесе арнаулы орта білім туралы дипломдарын (қайта даярлау туралы куәліктерін), біліктілік санаты туралы куәліктерін, біліктілік арттыру курстарының сертификаттарын PDF форматта сканерлеу;

- Комиссия төрағасы у.м.а –З.И.Эбиева

- Білім беру ұйымының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 тіркелген) сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылуы туралы мәліметтерді толтырып PDF форматта сканерлеу;


Комиссия мүшесі – есепші Куванбаева А: - жабдықтар мен жиһазға жүкқұжаттардың көшірмелері және бухгалтерлік есептілік деректерінен негізгі құралдар тізбесінің көшірмелерін жинақтау;

- Жас топтары толықтырылуының сәйкестігі (топтар бөлінісінде) бойынша талаптарды сақтау бойынша құжаттарды жинақтау және PDF форматта сканерлеу;

Шешім:

1. Өзін-өзі бағалау комиссия мүшелеріне қойылған міндеттері жүзеге асырылсын.
2. Өзін-өзі бағалау комиссиясы балабақша мемлекеттік аттестаттау алдындағы өзін-өзі бағалау жұмыстарын жүргізсін.

У.м.а кеңес төрайымы:



З.И.Эбиева

Хатшы:



Ж.Амантурлиева

**«Данышпан балақай» жекеменшік балабақшасының өзін-өзі бағалау жүргізу
жөніндегі педагогикалық кеңесінің
ХАТТАМАСЫ**

13.05.2026 ж

Жаңаөзен қаласы

Қатысқандар: 8 педагог

Күн тәртібінде

Балабақшаның өзін-өзі бағалау комиссиясының қорытындысы туралы:

Тыңдалды: Өзін-өзі бағалау комиссиясының төрағасы у.м.а З.И.Эбиева Өзін өзі бағалау комиссиясы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің төрағасының 2022 жылғы 05 желтоқсандағы № 486 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» және 27.12.2022 ж «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарын бекіту туралы» 1 қосымшасына сәйкес 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдары бойынша құжаттарды талдады.

Комиссия мүшесі-әдіскері М.А.Туякова

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің 27.12.2022 ж «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарын бекіту туралы» №12 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдардың» 12 қосымшасына сәйкес 2,3,4,5 қосымшаларына сәйкес мәліметтер толтырылды. Өзін өзі бағалау қорытындысы шығарылды.

Өзін-өзі бағалау комиссиясының у.м.а төрағасы З.И.Эбиева

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің төрағасының 2022 жылғы 05 желтоқсандағы № 486 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» 1 қосымшасына сәйкес «Жақсы» деп бағаланды. Өзін өзі бағалау құжаттары балабақшаның ресми сайтына орналастырылды.

ШЕШІМ:

1. Өзін өзі бағалау өлшемшарттарына сәйкес балабақша 39 «Жақсы» деп бағалансын.
2. Өзін өзі бағалау қорытындысы Маңғыстау облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментіне уақытылы жеткізілсін.

У.м.а кеңес төрайымы:

З.И.Эбиева

Хатшы:

Ж.Амантурлиева

«Данышпан балақай» жекеменшік балабақшасының бағалау парағы

№	Бағалау өлшем шарттары	Білім беру ұйымына тиісті өлшеуішті бағалау мазмұны	Балдары
1	Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі	2025 – 2026 оқу жылы бойынша педагог саны 12, жоғары білімді 3, оның ішінде мектепке дейінгі 2, арнаулы орта 9, оның ішінде мектепке дейінгі 7 педагог. Үлесі – 95%	4
2	Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтердің (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей)үлесі	Біліктілік санаты бойынша жоғары санатты 0 педагог, педагог- зерттеуші-0, санатсыз педагог -10. педагог-сарапшы 0, педагог-модератор-2 Үлесі – 20 %	2
3	Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі	Педагогтердің біліктілігін арттырудың перспективалық даму жоспары жасақталған, 9 педагог біліктілік курсынан өткен. Үлесі – 100%	5
4	Білім беру ұйымының ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 тіркелген) сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылуы	Жабдықтары мен жиһазбен қамтамасыз етуі сайтта көрсетілген, фото, счет-фактуралар жүктелген, 100 %	5
5	Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022жылғы 12қаңтардағы №6 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №23513 тіркелген) сәйкес жағдай жасау	Инклюзивті білім беруді ұйымдастыруда — оған қажетті оңтайлы жағдайлар қарастырылған. 2023-2024 оқу жылы 0 бала, 2024-2025 оқу жылы 0 бала, 2052-2026 оқу жылы –0, қамтылған. 95 %	4
6	ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20708 тіркелген) сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарға арналған оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету	Дидактикалық материалдар, әртүрлі пазлдар, зерттеушілік қызығушылығын белсендіретін қозғалмалы ойыншықтар, қимылды ойындарға қажетті құралдар, оның ішінде ірі	4

		және ұсақ моториканы дамытатын ойын құралдары, жұмсақ модульдер, қауіпсіз табиғи материалдардан жасалған 4 ойыншықтармен қамтамасыз етілген. 97%	
7	Жас топтары толықтырылуының сәйкестігі	Жас ерекшелігіне қарай 6 топқа 125 тәрбиеленуші топтастырған және тәрбиелеу тілі мемлекеттік тіл, қазақ тілінде жүргізеді. 100%	5
8	Ата-аналардың сауалнама нәтижелерін талдау	Ересек топтарындағы 100% ата- ана қатысқан, 95% тәрбиеленушілердің білім, білік дағдыларды игеруіне қанағаттанатындығын көрсеткен.	5
9	Педагогтердің сауалнама нәтижелерін талдау	Мектепке дейінгі ұйымдардың қызметкерлері үшін сауалнамаға 12 педагог қатысқан. Педагогтер сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне 90% қанағаттанатындығын көрсеткен.	5
9	Қорытынды 39 ұпай «Жақсы» деп бағаланды		39 ұпай

У.м.а комиссия төрайымы:

Комиссия мүшелері:



З.И.Эбиева

М.А.Туякова

«Данышпан балақай» жекеменшік балабақшасының өзін-өзі бағалау қорытындысы

Бағалау түрі: өзін-өзі бағалау

Бағалау күні: 19.05.2026

«Данышпан балақай» жекеменшік балабақшасының өзін-өзі бағалау комиссиясы Қазақстан Республикасы Оқу ағарту Министрінің 2022 жылға 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» №486 бұйрығына сәйкес, Маңғыстау облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2022 жылдың 10-қарашасындағы №290-нқ бұйрығы, ҚР оқу-ағарту министрлігінің білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті РММ төреғасының 2022 жылдың 27-қарашасындағы №12 2022 жылдың 31-желтоқсанындағы №14 бұйрығын басшылыққа ала отырып, сонымен қатар «ҚР оқу-ағарту министрлігі білім беру саласында сапаны Маңғыстау облысының Білім саласында сапаны бақылау департаменті білім беру ұйымының 09.11.2023жылғы №425 бұйрығына сәйкес 2023-2024, 2024 2025, 2025-2026 оқу жылдары бойынша білім беру ұйымдарын бағалау кезінде бағалау критерийлері бойынша негізгі бағыттар мен зерттеу объектілері бойынша материалдарды талдады, оның ішінде жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкестігі қарастырылған білім беру қызметтеріне өзін-өзі бағалау жүргізді. Өзін– өзі бағалауды «Данышпан балақай» жекеменшік балабақшасының директорының 2026 жылдың №12/1 бұйрығымен бекітілген өзін-өзі бағалау комиссиясы (бұдан әрі- комиссия) өткізді.

Өзін-өзі бағалау комиссиясының құрамы:

З.И.Эбиева директор – комиссия төрағасы;

М.А.Туякова әдіскер – комиссия мүшесі;

А.А. Джалбыровна есепші – комиссия мүшесі;

I. Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы

«Мерейлі» жекеменшік балабақшасы 2023 жылғы 01 қыркүйек айынан бастап жұмыс істейді. Жобалық сыйымдылығы– 60 орындық болып ашылды. Рахат ауылы тұрғындарының сұраныс бойынша балабақшаның сыйымдылығын кеңейтіліп, 125 орындық болып, 2026 жылы ақпан айынан бастап өз жұмысын бастады. Балабақша атауы «Данышпан балақай» жекеменшік балабақшасы болып өзгерді. Ғимарат екі қабатты. Ғимараттың ауқымы– 4480.0 Құрылыс ауданы– 626.6. Жалпы алаңы 4480.0.

«Данышпан балақай» жекеменшік балабақшасы тәрбиелеу– білім беру қызметін мынадай заңды құжаттарының негізінде жүзеге асырылады:

- Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары (заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу немесе қайта тіркеу туралы куәліктің/куәліктің көшірмесі және жарғы қоса беріледі).

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Маңғыстау облысы бойынша филиалы жылжымайтын мүлікке құқықтар және заңды тұлғаларды тіркеу басқармасы тіркеу және жер кадастр бөлімінен Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу . БИН 221140043024

- Рұқсаттар (білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарлау талоны). Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы 2023 жылы 12 мамыр №KZ32RVK00049090 хабарлама талоны берілген.

Заңды тіркеу орны:

- Қазақстан Республикасы, 130200, Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы, Рахат ауылы Мерей ш/а Н.Тлеубергенов 84Б ғимараты

Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, веб-сайт).

эл.почта: mereyli_bb@mail.ru

Тел: 87756799383

веб-сайт: <https://danyshpan-balakai.kz>

Instagram: danyshpan_balaqai_bb

«Данышпан балақай» жекеменшік балабақшасы жұмыс режимі:

- Аптасына 5күн.

Болу уақыты:- 10 сағат 30 минут (07.45-ден 18.15-ге дейін).

Мектепке дейінгі ұйым қызметінің мақсаты: әр баланың мүдделерін, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, оның әлеуеті мен толыққанды дамуын ашу.

Міндеттері:

- әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, қолайлы дамушы қауіпсіз білім беру ортасын құру;
- баланың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, толыққанды физикалық дамуы;
- интеграцияланған білім беру жағдайында коммуникативтік, танымдық-зияткерлік, шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалдық қасиеттерді дамыту;
- баланың мектепте оқуға мотивациялық дайындығын қалыптастыру және тең бастапқы мүмкіндіктер беру;
- Отанға, ана тіліне, патриотизмге деген сүйіспеншілікті ояту;
- педагогтердің кәсіби құзыреттілік деңгейін арттыру;
- ата-аналарға балаларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту және денсаулықты сақтау мәселелері бойынша консультативтік және әдістемелік көмек. 2023- 2024 оқу жылында «Балапан» кіші топ , «Балдырған» ортаңғы, «Құлыншақ» ересек топтарында 60 баламен үш топ жұмыс жасады.

2024– 2025 оқу жылында «Балапан» кіші топ , «Балдырған» ортаңғы, «Құлыншақ» ересек топтарында 60 баламен үш топ жұмыс жасады.

Қазіргі таңда мектепке дейінгі ұйымда жас ерекшелігіне сай кіші топтар - «Балапан», «Күншуақ», орта топтар - «Еркелер», «Балдырған» ересек топтар - «Құлыншақ», «Жасұлан». 125 баламен алты топ жұмыс жасайды (Оқыту мен тәрбиелеу қазақ тілінде жүргізіледі)

II. Кадрлық әлеуетті талдау

«Данышпан балақай» жекеменшік балабақшасы 2023 жылғы 01 қыркүйекте бекітілген штат кестесіне сәйкес кадрлармен жасақталған. Балабақшаның бала сыйымдылығының ұлғаюына байланысты 2026 жыл 9 ақпаннан бастап педагогикалық қызметті 12 педагог жүзеге асырады: меңгеруші, әдіскер, психолог маманы 9 тәрбиеші бар.

2.1 Педагогтардың білім деңгейі

Білімі	Оқу жылы		
	2023– 2024	2024–2025	2025–2026
Жоғары білім	1	2	3
Арнаулы орта білім	5	5	9
Барлық педагогтар:	6	7	12
Педагогикалық білімі бар педагогтардың үлесі			

2.2. Педагогтардың біліктілік деңгейі

Оқу жылы	МДҰ барлық педагогтар	Біліктілік санаты				
		Педагог зерттеуші, Жоғары	Педагог сарапшы, Бірінші	Педагог модератор, Екінші	Санаты жоқ	Үлесі %
2023 -2024	5			1	4	
2024 -2025	5			2	3	
2025 -2026	12			2	10	

2.3 Педагогтардың біліктілігін арттыру

Тәрбиешілер, педагог-мамандар білім беру және біліктілік деңгейін жүйелі түрде арттырады. Педагогикалық кадрлар курстық даярлықтан өту бойынша балабақшаның

перспективалық жоспарына сәйкес кәсіби құзыреттілік деңгейін арттырды. 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдары бойынша педагогтардың біліктілігін арттыру курстары

№	Біліктілік арттыру курсының атауы	Сағат саны	Педагогтердің аты-жөні Оқужылы	Оқу жылы
1	«Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің ойын құзіреттілігін дамыту» Ақтау қаласы «Өрлеу» БАҰО	72сағат	Эбиева Сагира Исенбаевна	2023-2024
2	«Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің ойын құзіреттілігін дамыту» Ақтау қаласы «Өрлеу» БАҰО	72сағат	Амантурлиева Жансая	2023-2024
3	«Баланы ерте дамыту бағдарлары» Ақтау қаласы «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ ПШО «Білім берудегі жасанды интеллект: инновациялық технологиялар мен оқу үдерісінің цифрлық трансформациясы» Дарын ұстаз	72сағат 80сағат	Кошбаева Жанар Суйеубай	2023-2024 2024-2025
4	«Мектепке дейінгі білім беру: балаларды ойын және танымдық іс- әрекеттер арқылы дамыту» Ақтау қаласы «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ ПШО	72сағат	Бакытова Жадра Ермаганбетовна	2024-2025
5	«Білім берудегі жасанды интеллект: инновациялық технологиялар мен оқу үдерісінің цифрлық трансформациясы» Дарын ұстаз	82сағат	Туркменбаева Гулжазира Айтбайқызы	2024-2025
6	«Мектепке дейінгі ұйымның заттық-кеңістікті даму ортасын ұйымдастыру» Ақтау қ. Өрлеу» БАҰО № 0973601	72сағат	Кудайбергенова Молдир Пердебаевна	2025-2026

Біліктілікті арттырудың салыстырмалы диаграммасынан ең жоғары көрсеткіш 2024-2025 оқу жылдарына келеді. Бұл біліктілікті арттыру курстарының көпшілігі on-line режимінде өткізілгендігімен және педагогтардың ең көп санын қамту мүмкіндігімен түсіндіріледі.

Қорытынды: балабақша педагогтары курстарға, семинарларға, конференцияларға қатысу арқылы кәсіби біліктілігін жүйелі түрде арттырды.

III Тәрбиеленушілер контингенті

«Данышпан балақай» жекеменшік балабақшасы 6 топ жұмыс жасайды: тәрбиелеу және оқыту мемлекеттік тілде жүргізіледі. Мектепке дейінгі ұйымға балалар "мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларына" сәйкес қабылданады. Балаларды мектепке дейінгі ұйымға тұрақты қабылдау және құжаттарды қабылдау бос орындар болған кезде жыл бойы жүргізіледі.

Шартқа сәйкес келесі қызметтер ұсынылады:

- мектепке дейінгі ұйымның қызметін реттейтін нормативтік құжаттарға сәйкес балаларды тәрбиелеу және оқыту;
- сауықтыру іс-шаралары;

- мектепке дейінгі ұйымның басшысы бекіткен қысқы-көктемгі және жазғы-күзгі маусымдарға сәйкес перспективалық 10 күндік мәзірбойынша жүзеге асырылатын теңдестірілген 5 реттік тамақтану.

3.1. Балабақшаның балалары контингентінің сараптамасы

«Данышпан балақай» жекеменшік балабақшасы тәрбиеленушілерінің тізімдік құрамы 3 қосымшада көрсетілген.

III. Оқу-әдістемелік жұмыс

«Данышпан балақай» жекеменшік балабақшасы оқу-әдістемелік жұмысы нормативтік құқықтық құжаттардың талаптарына сәйкес ұйымдастырылған және тәрбиелеу-білім беру процесін жетілдіруге бағытталған.

4.1. Тәрбие-білім беру процесі.

Мектепке дейінгі ұйым тәрбие-білім беру үдерісін мыналарға сәйкес жүзеге асырады:

1) Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен;

2) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқужоспарларымен; 3) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқубағдарламасымен; Тәрбиелеу-білім беру процесі: перспективалық жоспарға, циклограммалар мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

Перспективалық жоспарды оқу жылы басталғанға дейін жылына бір рет ұйымдастырылған іс-шаралар бойынша жас тобында жұмыс істейтін тәрбиешілер, педагогтар жасайды. 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарында тәрбие мен оқыту процесінің сапасын қамтамасыз ету мақсатында оқу жылына арналған перспективалық жоспарды тәрбиешілер өтпелі тақырыптар негізінде жасады. Перспективалық жоспарда балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, оларды тәрбиелеу, оқыту және дамыту бойынша білім беру міндеттерін міндетті түрде орындау көзделген. Циклограмма әр апта сайын жасалады, ол балаларды қабылдаудан, балалар іс-әрекетінің әртүрлі түрлерін (ойын, танымдық, коммуникативті, шығармашылық, эксперименттік, еңбек, қозғалыс және т.б.), серуендеуден, күндізгі ұйқыдан және балалардың үйге кетуінен бастап барлық режимдік сәттердің орындалуын қамтамасыз етеді. Циклограмманың құрылымы күн тәртібіне сәйкес құрылады. Тәрбиешілердің, педагог-мамандардың кестесі, перспективалық жоспарлауы педагогикалық кеңесте қаралған және бекітілген оқу жұмыс жоспарына сәйкес жасалады.

2023-2024 оқу жылдары балабақша топтарында ұйымдастырылған оқу қызметін тәрбиешілер, педагог-мамандар бекітілген кестеге сәйкес, апталық жүктемені және өткізу ұзақтығын сақтай отырып жүргізді. Балалармен оқу процесін ұйымдастыру кезінде "Алматы кітап", "Шұғыла", "Балапан" оқу-әдістемелік кешендері пайдаланылды.

2024-2025, 2025-2026 оқу жылында тәрбие-білім беру үдерісін ұйымдастыру кезінде педагогтар қағидаттарға бағдарланады:

-ойын арқылы оқыту;

-балалар іс-әрекетінің түрлерін интеграциялау арқылы балаларды дамыту (ойын, қозғалыс, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, эксперимент, балалардың өзіндік іс-әрекеті, өзіне-өзі қызмет көрсету). Тәрбиешілер тәрбие барысын жоспарлау кезінде балалар іс-әрекетін ұйымдастырудың әртүрлі формаларының, әдістері мен әдістерінің өзгергіштігі мен қолданылуын ескереді. Тәрбие-білім беру барысын ұйымдастыру және өткізу кезінде тәрбиеленушілердің мүдделері, қажеттіліктері, жас және жеке ерекшеліктері ескеріледі. Электрондық нұсқада 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарының жұмыс оқу жоспары, кестесі, перспективалық жоспарлары мен циклограммалары қоса берілді <https://danyshpan-balakai.kz> сайтына жүктелді.

Балабақшаның оқу жоспары мен ұйымдастырылған іс әрекет кестесі Стандарттың талаптарына сәйкестендірілген. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу жоспарларын әзірлеу кезінде тәрбиеленушілердің жас, психологиялық-физиологиялық мүмкіндіктері

мен ерекшеліктері ескеріле отырып, оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі сақталған. Мектепке дейінгі ұйымдағы білім беру барысының тиімділігі туралы, сондай-ақ баланың даму динамикасы туралы ақпарат алу үшін Үлгілік бағдарламаның мазмұнын игеру бойынша мониторинг жүргізіледі (бастапқы- қыркүйекте, аралық- қаңтарда және қорытынды-мамырда). Мониторинг мақсаты:

-баланың жетістіктерін бақылау

- балаларды тәрбиелеу мен дамытуға жеке көзқарасты қамтамасыз ету;

- түзету іс-шараларын жедел жоспарлау негізінде білім беру барысын жетілдіру;

- баланың Типтік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру деңгейін анықтау. Нәтижелер "бақылау парағында" толтырылады. Алынған мәліметтер негізінде топтағы әрбір балаға баланың жеке даму картасы толтырылады. Мониторинг нәтижелері бойынша I, II даму деңгейіндегі балалармен қосымша жеке жұмыс жүргізіледі. Баланы дамытудың жеке картасында "түзету іс- шаралары" бөлімінде балалармен жұмыс істейтін педагогтар мен мамандар мониторинг деректерінің қорытындысы бойынша баланы одан әрі дамыту жөніндегі іс шараларды толтырады. Педагогикалық диагностиканы тәрбиеші педагог мамандармен тығыз ынтымақтастықта жүзеге асырады. Білім беру ұйымын бағалау критерийлеріне сәйкес мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелеріне талдау жүргізілді. Электрондық нұсқада 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарының мониторингі қоса беріледі.

V. Оқу-материалдық активтер

Балабақшаның әр жас ерекшелігі тобында балалардың барлық қызмет түрлерінде тәуелсіз, белсенді және мақсатты дамуы үшін жағдайлар жасалған. Топтардағы пәндік-кеңістіктік даму ортасы ұтымды ойластырылған, ыңғайлы, балалардың жас ерекшеліктері мен қажеттіліктеріне сәйкес келеді. Жиһаздың, оқу, ойын және басқа жабдықтардың орналасуы қауіпсіздік техникасының, санитарлық- гигиеналық нормалардың, балалардың физиологиясының, баланың психикалық әл-ауқатының, оның дамуының талаптарына толық сәйкес келеді және жауап береді, баланың өзін-өзі оқыту қабілетінің дамуына, функционалдық жайлылық принциптеріне оң әсер ете алады. Қоршаған ортаны аймақтарға бөлу ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығына сәйкес жабдықталған. Балабақшаның кіші тобында: танымдық ойыншықтар, қарапайым пазлдар, танымдық қызығушылықты белсендіретін жылжымалы ойыншықтар, ашық ойындарға арналған жабдықтар, ірі және ұсақ моториканы дамытуға арналған ойын құралдары, қауіпсіз табиғи материалдардан жасалған ойыншықтар бар. Ортаңғы жастағы топтарда топтық бөлме білім беру ойыншықтарымен жабдықталған, лево, шығармашылыққа арналған материалдар, қуыршақтар, түрлі машиналар, танымдық қызығушылықты арттыру үшін табиғи материалдар. Ересек топ бөлмелері интеллектуалды қабілеттерді дамыту үшін конструкторлар, қарапайым математикалық ұғымдар мен сауаттылық негіздерін игеруге ықпал ететін әртүрлі материалдар, баспа әріптері, сандар, сөздер, кестелер үлкен қаріппен кітаптар, бояу беттері, сандар мен әріптермен баспа ойындары, ребустар, құралдар, балалар энциклопедиялары, жануарлар туралы иллюстрацияланған басылымдар орналастырылған планетаның өсімдіктер әлемі, балалар журналдары, альбомдар, суреттер мен карталар, киіну бұрышы, театрдың әртүрлі түрлері, табиғат бұрышы, , проектор. Балабақшаның әдістемелік кабинетінде үлгілік оқу бағдарламасы мен МЖМБС талаптарына сәйкес әдістемелік, оқу- тәрбие, түзету қызметіне арналған материал, ата-аналармен және тәрбиешілермен жұмыс істеуге арналған консультациялық материал, көркем және энциклопедиялық әдебиеттер шоғырланған. Мемлекеттік, орыс тілдерінде бейне және аудио материалдарды жинақтау бойынша жұмыстар жүргізілуде. Балабақша аумағына ағаштар, бұталар отырғызылды; гүлзарлар салынды. Балалардың ойын алаңдарында беседкалар, баспалдақтар, әткеншектер, карусельдер, орындықтар, үстелдер орналасқан. Жыл сайын балабақшаның материалдық-техникалық базасы жаңа жабдықтармен толықтырылады.

VI.Тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы,қорытынды) болуы және нәтижелерін талдау.

Білім беру процесінің тиімділігі, сондай-ақ баланың даму динамикасы туралы ақпарат алу үшін диагностика негізінде Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізіледі (бастапқы қыркүйек айында, аралық қаңтарда және қорытынды-мамыр айында). Мониторинг баланың түрлі кезеңдегі біліктері мен дағдыларының даму динамикасын анықтауға, педагогтің алдағы іс-әрекетін жоспарлауға, мектеп жасына дейінгі баланың жеке дамуына қажетті жұмыстарды жүргізуге мүмкіндік береді. Мониторинг нәтижелерін алуда балаларды бақылау, әңгімелесу, бала әрекетінің өнімдерін талдау, диагностика жағдаяттар арқылы жасалады. «Данышпан балақай» жекеменшік балабақшасының бағаланатын кезеңге ұсынған 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 (бастапқы мониторингтің жиынтығы) оқу жылында балалардың даму деңгейінің мониторингісінің жиынтық есебі ұсынылған.

Қорытынды: Өзін-өзі бағалау комиссия 2026 жылдың 28 мамыр қорытындысына сәйкес «Данышпан балақай» жекеменшік балабақшасының білім беру қызметінің мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың бағалау өлшем шарттарына сәйкес, білім беру ұйымының жұмыстарына толық мониторинг жүргізілді. Сонымен қатар, балабақша туралы мәліметтер, қызметті жүзеге асыруы бастағаны туралы хабарлама, талон қаралды.

Комиссия төрайымы:



С.И.Эбиева